**Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 18 сәуірде № 18545 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19 -тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 42) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қуандықов Ә.Ә.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Ұлттық Банк Төрағасы* | *Е. Досаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2019 жылғы 28 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті
2019 жылғы 28 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі
2019 жылғы 29 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 4 сәуірдегі

№ 49 қаулысымен
бекітілді

## Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 42) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленді және қойылатын біліктілік талаптарын қоса алғанда, уәкілетті ұйымдарды лицензиялау, уәкілетті банктің айырбастау пункттері қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлау тәртібін, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды, айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматтандырылған айырбастау пункті – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаға тиесілі және оның қызметкерінің қатысуынсыз оған қолма-қол ақшаны осы құрылғыға енгізу және одан басқа валютада қолма-қол балама соманы алу арқылы айырбастау операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;

2) айырбастау операциялары – айырбастау пункттері және автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар;

3) айырбастау пункті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті

органның лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңдары негізінде Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк құрған, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру үшін арнайы жабдықталған орын;

4) айырбастау пунктінің операциялық кассасы – айырбастау пункті үй-жайының қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ "Алтынның өлшеуіш құймалары. Техникалық талаптар" ҚР СТ 2049 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылдан ерте емес шығарған аффинирленген құйма алтынды (бұдан әрі – аффинирленген құйма алтын) сатып алу және (немесе) сату кезінде клиенттерге қызмет көрсететін кассирге арналған, арнайы жабдықталған бөлігі (кассирдің жұмыс аймағы);

5) аппараттық-бағдарламалық кешен – айырбастау операцияларының, аффинирленген құйма алтынды сатып алудың және (немесе) сатудың есебін жүргізуді, жасалған айырбастау операциялары, аффинирленген құйма алтынды сатып алу және ( немесе) сату операциялары бойынша ақпараттың түзетілмейтін тіркелуін және энергияға тәуелсіз сақталуын қамтамасыз ететін, бақылау-касса машинасының функцияларын іске асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы;

6) әуежай – әуе кемелерін қабылдауға және жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін әуеайлағы, аэровокзалы, сондай-ақ басқа да қажетті құрылыстары мен жабдығы бар құрылыстар кешені;

7) бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға – ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

8) казино – құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын мекемесі;

9) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, заңды тұлғалар;

10) қолданыстағы лицензия – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензия;

11) қолма-қол шетел валютасы – шет мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған айналыстағы банкноттар, монеталар және қазынашылық билеттер;

12) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға – өзіне Ұлттық Банк, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияға немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк;

13) құжаттың электрондық көшірмесі – төлнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын ( деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

14) лицензияға қолданыстағы қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензияға қосымша;

15) лицензияға қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің нақты орналасқан орны туралы мәліметтер қамтылған ажырамас бөлігі;

16) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды немесе олардың жиынтығын іске асыру нысандарының бірі ;

17) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі – мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

18) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйе;

19) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

20) мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті – теміржол, автомобиль вокзалы немесе станциясы, теңіз немесе өзен порты, халықаралық әуежай немесе әуеайлақ шектеріндегі аумақ (акватория), сондай-ақ адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу жүзеге асырылатын тиісті инфрақұрылымы бар, Мемлекеттік шекараға тікелей жақын жерде арнайы бөлінген өзге де жергілікті жер учаскесі;

21) мінсіз іскерлік бедел – адамның қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға алып келген төлем қабілетсіздігіне не банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызуға алып келген құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) жасауы фактілерінің болмауын,

алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауын, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот актісінің болмауын, сондай-ақ уәкілетті органның мәліметтері негізінде әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға ықпал еткен үшінші тұлғалармен қарым-қатынасының (үшінші тұлғалардың бақылауы мен ықпалының) болмауын қоса алғанда, кәсіпқойлықты, адалдықты растайтын фактілердің болуы;

22) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық жалғанған) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай);

23) теміржол вокзалы – класына қарай халыққа теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үйлердің, ғимараттардың (жолаушы платформаларын, вокзал өтпелерін және вокзал маңындағы аумақты қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;

24) уәкілетті банктер – валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары;

25) уәкілетті ұйымдар – банктер болып табылмайтын, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары;

26) ұлттық валюта – Қазақстан Республикасының аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен монеталары түріндегі ақша белгілері, банктік шоттардағы Қазақстан Республикасының ақша бірліктеріндегі ақша;

27) шетел валютасы – шет мемлекеттің (мемлекеттер тобының) аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын банкноттар, монеталар түріндегі ақша белгілері, банктік шоттардағы шет мемлекеттердің (мемлекеттер тобының) ақша бірліктеріндегі және халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі ақша;

28) электрондық лицензия және лицензияға электрондық қосымша – ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін, маңызы қағаз тасымалдағыштағы лицензиямен және лицензияға қосымшамен бірдей электрондық құжат нысанындағы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия және лицензияға қосымша;

29) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

30) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым (оның филиалы) Қағидаларда көзделген есептерді Ұлттық Банкке электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы ұсынады.

Егер Қағидаларда белгіленген есепті ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күні аяқталатын болса, онда есепті ұсыну мерзімінің соңғы күні болып одан кейінгі жұмыс күні есептеледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау операцияларын жүргізгенге, аффинирленген құйма алтынды сатып алғанға және (немесе) сатқанға дейін "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заң) 5-бабына сәйкес клиенттерді тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 2-тарау. Уәкілетті ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары

5. Уәкілетті ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

6. Мына:

1) оларға қатысты қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған күнінен үш жыл өтпеген уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылатын тұлғаларды;

2) мінсіз іскерлік беделі жоқ адамдар;

3) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлғаларды;

4) "Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 20 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27113 болып тіркелген) бекітілген Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптардың ( бұдан әрі – Талаптар) 16-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тізбеге сәйкес оффшорлық аймақтар ретінде сипатталатын шет мемлекеттердің бірінде және (немесе) шет мемлекеттер аумақтарының бөліктерінде тіркелген (тұратын) тұлғаларды;

5) Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының ( ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекетте ( аумақта) тіркелген (тұратын) тұлғаларды.

Осы тармақшаның мақсаты үшін Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекет (аумақ) деп қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган КЖ /ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасаған Тізбеге енгізілген мемлекет (аумақ) түсініледі;

6) құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) Талаптардың 16-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тізбеге сәйкес оффшорлық аймақтар ретінде сипатталатын шет мемлекеттердің бірінің аумағында және (немесе) шет мемлекеттер аумақтарының бөліктерінде тіркелген (тұратын) тұлғалар болып табылатын заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген (тұратын) тұлғалар болып табылатын заңды тұлғаларды.

Осы тармақшаның мақсаты үшін Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекет (аумақ) деп қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган КЖ /ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасаған Тізбеге енгізілген мемлекет (аумақ) түсініледі;

7) қолданыстағы лицензияны және лицензияға қолданыстағы қосымшаны ( қолданыстағы қосымшаларды) ерікті түрде қайтару себебінен оған қатысты Ұлттық Банк бастаған тексеру аяқталмаған күнінен үш жыл өтпеген уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болған тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті және бейрезиденті жеке және заңды тұлғалар уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6-1. Мына:

1) жоғары білімі жоқ;

2) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ адам уәкілетті ұйымның (оның филиалының) басшысы болып тағайындалмайды.

Ескерту. Қағида 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы заңды тұлға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш білдіргенге дейін толық көлемде ақшалай нысанда қалыптастырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталының ең аз мөлшері:

1) Астана қаласында, республикалық маңызы бар қалаларда, облыстардың әкімшілік орталықтарында, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан әрбір айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін 100 000 000 (бір жүз миллион) Қазақстан теңгесін (бұдан әрі – теңге);

2) өзге жерде орналасқан әрбір айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін 50 000 000 (елу миллион) теңгені құрайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9. Уәкілетті ұйым қосымша айырбастау пунктін (автоматтандырылған айырбастау пунктін) ашқан кезде оның ақшалай нысанда қалыптастырылатын жарғылық капиталы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес ұлғайтылуға тиіс.

10. Қаланы республикалық, облыстық маңызы бар қала санатына жатқызған немесе қаланы облыстың әкімшілік орталығы деп таныған жағдайда, осы қалада айырбастау пункті бар уәкілетті ұйым жарғылық капиталдың мөлшерін қаланы республикалық, облыстық маңызы бар қала санатына жатқызған немесе қаланы облыстың әкімшілік орталығы деп таныған күннен бастап алты ай ішінде Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келтіреді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайына, жабдығына, қызметкерлеріне қойылатын талаптар:

1) айырбастау пунктінің үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20075 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24

ақпандағы № 14 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының , банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында белгіленген талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;

2) айырбастау пунктінің операциялық кассасы бейне деректер архивінің резервтік көшірмесін жасауды және архивті жою мен редакциялаудан қорғауды қамтамасыз ететін техникалық құрылғыларда күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде айырбастау пунктінің қызметін жүзеге асыру процесінің ақпаратын жазу мен сақтауды қамтамасыз ететін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады, бұл ретте бейнебақылаудың көріну аймағында кассирдің жұмыс аймағы мен клиент болады, ал тиісті құрылғылар бейнебақылау және ұлттық және шетел валютасын көзбен шолып сәйкестендіру мүмкіндігі үшін кедергілердің болмауын қамтамасыз ететін орындарда орнатылады.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға осы тармақшаның талаптарына сәйкес бейнежазбалардың ( бейнеархивтердің) болуын және сақталуын қамтамасыз етеді;

3) кассирдің жұмыс орны Қағидалардың талаптарына сәйкес айырбастау операцияларының есебін жүргізу үшін аппараттық-бағдарламалық кешенмен не бақылау-касса аппаратымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен, сондай-ақ банкнотты ультракүлгін жарықпен тексеруді (қағаздың люминесценциясын бақылау және өзге) және банкнотты магниттік белгілердің болуына тексеруді қамтамасыз ететін ақша белгілерінің түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдармен жабдықталады;

4) уәкілетті ұйым (оның филиалы) басшысының Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келуі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

### 3-тарау. Уәкілетті ұйымдарды лицензиялау тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Заңды тұлға лицензияны және лицензияға қосымшаны алу үшін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш, өтініш берушінің Қағидалардың 13-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

2) жарғының электрондық көшірмесі;

3) "электрондық үкімет" төлемдік шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) екінші деңгейдегі банктің не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының шетел валютасындағы банк шотының болуы туралы анықтамасының электрондық көшірмесі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Біліктілік талаптарына сәйкестікті растау ретінде заңды тұлға "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш (Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайда), Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш ( Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген екінші деңгейдегі банк не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалы клиентінің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмелердің Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес заңды тұлғаның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретіндегі ақшаның есепке жазылуын растайтын электрондық көшірмелерін, не қосымша айырбастау пунктін ескере отырып, уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел

валютасымен айырбастау операцияларына арналған жарамды лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген айдың біріндегі жағдай бойынша қаржылық есептіліктің электрондық көшірмесін (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);

3) уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын құжаттың (қарыз шарты, мүлікті сатып алу-сату шарты, кірістер туралы анықтама, уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын басқа құжаттар) электрондық көшірмесін жібереді.

Уәкілетті ұйым қосымша ашылатын айырбастау пунктіне (автоматтандырылған айырбастау пункті) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш білдірген кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалында қосымша ашылатын айырбастау пунктін ескере отырып уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін растайтын мәліметтер болмаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген құжат ұсынылады.

Автоматтандырылған айырбастау пунктін ашқан кезде біліктілік талаптарына сәйкес келуді растау ретінде уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген электрондық құжатты, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін, сондай-ақ автоматтандырылған айырбастау пунктінің техникалық сипаттамаларын және оның Қағидалардың 37-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін жібереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензияны және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензияға қосымшаны "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша береді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның болуы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктінің) жұмыс істеуі үшін негіз болып табылады. Уәкілетті ұйым қосымша айырбастау пунктін ашу үшін қолданыстағы лицензияға қосымша алады, ол қазақ және орыс тілдерінде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Уәкілетті ұйым қолданыстағы лицензия және уәкілетті ұйымның тиісті аймақта (облыста, республикалық мәні бар қалада, астанада) филиалы болған кезде уәкілетті ұйым мемлекеттік тіркелген жердегі өңірден (облыстан, республикалық мәні бар қаладан, астанадан) тыс айырбастау пункттерін ашады.

Айырбастау пункті уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркелген орны өңірінен ( облыстан, республикалық мәні бар қаладан, астанадан) тыс ашылған жағдайда, қолданыстағы лицензияның қосымшасын алу үшін уәкілетті ұйымның тиісті филиалы ашылатын айырбастау пунктінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

17. Қосымша ашылатын айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін қолданыстағы лицензияға қосымшаны алу үшін уәкілетті ұйым (оның филиалы) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш берушінің Қағидалардың 13-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттарды жібереді.

17-1. "Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге процестің сипатын, көрсету нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге мәліметтерді қамтитын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 4-1-қосымшада белгіленген.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын бөлігінде Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық акті ресми жарияланған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17-2. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы лицензияны және лицензияға қосымшаны немесе қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш (

бұдан әрі - өтініш) келіп түскен күні оны қабылдайды, тіркейді және мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі - жауапты бөлімше) орындауға жолдайды.

Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініштер келесі жұмыс күні қабылданады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіліп, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрату қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

Ескерту. Қағида 17-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Берілген құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде, жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарастырады, лицензияның және лицензияға қосымшаның, қолданыстағы лицензияға қосымшаның не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалы көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Ескерту. Қағида 17-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17-4. Заңды тұлғаның айырбастау пунктіне арналған үй-жайының, жабдығының қойылатын талаптарға сәйкестігін қарап тексеруді Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін көзделген мерзім ішінде жүргізеді.

Ескерту. Қағида 17-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17-5. "Электрондық үкіметтің" веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке жіберіледі.

Ескерту. Қағида 17-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) қаулысымен.

19. Уәкілетті ұйым мынадай:

1) уәкілетті ұйым қосылу, бірігу нысанында қайта ұйымдастырылған;

2) уәкілетті ұйымның атауы және (немесе) мемлекеттік тіркеу орны өзгерген;

3) уәкілетті ұйымның қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш жасайды.

Уәкілетті ұйым (оның филиалы) мынадай:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген;

2) айырбастау пунктінің нақты орын ауыстырмай орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияның қолданыстағы қосымшасын қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш жасайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында және екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, егер уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркеу орнының, уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруіне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімдеуге электрондық өтініш қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы ұсынылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19-1. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімдеуге электрондық өтініш;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген жағдайда).

Ескерту. Қағида 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19-2. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеген кезде жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Қолданыстағы құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келуін қарайды, қайта ресімделген лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалы көрсетілетін қызметті алушыға қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін мерзім аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей тыңдау жүргізіледі.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. Қағида 19-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19-3. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

Ескерту. Қағида 19-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19-4. Мыналар:

1) "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Валюталық реттеу туралы заң) 12-бабының 4-тармағында, " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң) 29-бабында, Қағидаларға 4-1-қосымшаның 8-тармағында

көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбау, сондай-ақ Рұқсаттар туралы заңның 32-бабында көзделген жағдайлар;

2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Валюталық реттеу туралы заңның 12-бабының 3 және 4-тармақтарында, Рұқсаттар туралы заңның 29-бабында, Қағидаларға 4-1-қосымшаның 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беруден, қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. Қағида 19-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19-5. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда жүргізіледі. Электрондық нысандағы шағым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы қабылданған шешім туралы өзіне белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей шағым береді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алған кезде Ұлттық Банк бұл мерзімді көрсетілген қызметті алушының өтінішхаты бойынша қалпына келтіреді.

Шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру мақсатында Ұлттық Банк ауруды, еңсерілмейтін күштің мән-жайларын дәлелді себептер ретінде таниды.

Шағым жасау үшін өткізіп алынған мерзім Ұлттық Банктің шағымды қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіздердің бірі болып табылады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы шағым түскен келесі жұмыс күнінен кешіктірмей оны Ұлттық Банктің мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жауапты бөлімшесінің қарауына жібереді.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және шағым жасалған күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалының кеңсесінде қағаз нысандағы шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) қағаз түріндегі

шағымның қабылданғанын растау болып табылады. "Электрондық үкімет" веб-порталын пайдаланушының жеке кабинетіне Ұлттық Банктің аумақтық филиалы берген тіркеу күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, өтінішті тіркеу туралы хабарламаның түсуі шағымның электрондық нысанда қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалының атына келіп түскен көрсетілетін қызмет алушының шағымы оны тіркеу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Ескерту. Қағида 19-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19-6. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымданады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Ескерту. Қағида 19-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) қаулысымен.

21. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) қаулысымен.

Электрондық лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін талап етілетін құжаттар уәкілетті ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталып, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынылады.

22. Уәкілетті ұйым оның филиалын әділет органдарында есептік тіркеген (қайта тіркеген) күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті ұйымның филиалын есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесін қоса отырып, уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркелген орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.

23. Уәкілетті ұйым Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ақшалай нысанда қалыптастырылған жарғылық капиталдың мөлшері және (немесе) құрылтайшылардың ( қатысушылар) құрамы өзгеруі туралы жарғының жаңа редакциясының немесе жарғыға енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, нотариат куәландырған), сондай-ақ уәкілетті ұйымның әділет органдарына хабарлағанын растайтын құжатты ұсына отырып, әділет органдары тіркеген және (немесе) хабардар болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабарлайды.

Жарғылық капиталдың мөлшері ұлғайған жағдайда, Қағидалардың 13-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесі және (немесе) құрамы өзгерген жағдайда, Қағидалардың 13-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Егер құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы және (немесе) ақшалай нысанда қалыптастырылған жарғылық капиталдың мөлшері өзгерген жағдайда, уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23-1. Уәкілетті ұйым (оның филиалы) өз қызметін бастаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей тиісті бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып , басшы тағайындалғаны туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.

Басшы ауысқан жағдайда, уәкілетті ұйым (оның филиалы) шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей тиісті бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 3-тарау 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Уәкілетті ұйым (оның филиалы) айырбастау пунктінде айырбастау пунктінің операциялық кассаларының санын ұлғайту немесе қысқарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып , бұл туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Қолданыстағы лицензияның және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаның қолданылуы Рұқсаттар туралы заңның 35-бабында белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

26. Ерікті таратылған не қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметтен бас тартқан кезде, уәкілетті ұйым шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы хабарлайды.

Уәкілетті ұйым өз филиалының қызметін ерікті тоқтатқан кезде тиісті шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, қызметі тоқтатылатын филиалды есептік тіркеу орны бойынша бұл туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы хабарлайды.

Айырбастау пунктін жапқан кезде, уәкілетті ұйым (оның филиалы) айырбастау пункті жабылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалына қабылданған шешім туралы жазбаша не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы хабарлайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Қолданыстағы лицензияның және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаның қолданылуы тоқтатыла тұрған не уәкілетті ұйымды одан айырған жағдайда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензиядан және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензияға қосымшадан айыру (қолданылуын тоқтата тұру) туралы шешім Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және оны Ұлттық Банктің аумақтық филиалының басшысы бекітеді.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы уәкілетті ұйымның қолданыстағы лицензиясының не лицензияға қолданыстағы қосымшасының қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру туралы алдын ала шешімі туралы, сондай-ақ уәкілетті ұйымға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы уәкілетті ұйымды хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама уәкілетті ұйымның қолданыстағы лицензиясының және ( немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшасының қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Тыңдау хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі .

Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің көшірмесі уәкілетті ұйымға шешім қабылданған күні жіберіледі.

Уәкілетті ұйым Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің көшірмесін алған кезден бастап және Ұлттық Банктің аумақтық филиалының шешімінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін:

1) қолданыстағы лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда – оған тиесілі барлық айырбастау пункттерінің қызметін;

2) лицензияға қолданыстағы қосымшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда – айырбастау пунктінің қызметін тоқтата тұрады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**4-тарау. Уәкілетті банктің айырбастау пункттері қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабардар ету тәртібі**

28. Уәкілетті банк (оның филиалы) астанаға немесе республикалық маңызы бар қалаға іргелес облыс шегінде айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) ашатын астанада немесе республикалық маңызы бар қалада орналасқан уәкілетті банктің филиалын қоспағанда, айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) уәкілетті банктің (оның филиалының) орналасқан жері өңірінің (облыстың, республикалық мәні бар қаланың немесе астананың) шегінде ғана ашады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Айырбастау пунктін (автоматтандырылған айырбастау пунктін) ашқан немесе жапқан кезде, уәкілетті банк (оның филиалы) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті банктің айырбастау пункті қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жібереді.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы хабарлаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті банкке хабарламаны алғаны туралы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша растама жіберу арқылы растайды.

30. Айырбастау пункті қызметінің басталғаны туралы хабарлауды уәкілетті банк айырбастау пункті операцияларды жүргізе бастаған күннен кешіктірмей жүзеге асырады және уәкілетті банктің ашылатын айырбастау пунктінің Қағидалардың талаптарына сәйкес келетіні туралы растауы болып табылады.

Айырбастау пункті қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарлама айырбастау пункті соңғы операцияны жүргізгеннен кейінгі келесі жұмыс күні жіберіледі.

31. Айырбастау пункті қызметінің басталуы туралы бұрын ұсынылған хабарламада хабарламаны толтыру үшін міндетті мәліметтер немесе деректер өзгерген, оның ішінде

хабарламада қателер анықталған жағдайда, уәкілетті банк (оның филиалы) өзгерістер болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті банктің айырбастау пункті қызметінің басталғаны немесе тоқтағаны туралы хабарлама жібереді.

32. Айырбастау пункті қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы, сондай-ақ айырбастау пункті қызметінің басталуы туралы хабарламада көрсетілген мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлама "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады.

**5-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптар**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау пунктінің қызметін жүзеге асыру процесінде Қағидалардың 6-1 және 11-тармақтарында белгіленген айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайына, жабдығына, қызметкерлеріне қойылған талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33-1. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялар қызметін жүзеге асыру үшін уәкілетті ұйым өзінің банк шоттарында және (немесе) айырбастау пунктінің кассасында теңгеде немесе шетел валютасында, сонымен бірге тазартылған құйма алтындағы (бар болса) жарғылық капиталының ең аз мөлшерінің сомасының 100 (бір жүз) пайыздан кем емес ақшаның күнделікті болуын қамтамасыз етеді.

Уәкілетті ұйымның банк шоттарындағы және (немесе) айырбастау пунктінің кассасындағы шетел валютасындағы ақша сомасының баламасын есептеу валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 33-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33-2. Айырбастау пункттерінің (автоматтандырылған айырбастау пункттерінің) жұмыс режимі теміржол вокзалдарының, казино ғимараттарының ішінде, халықаралық әуежай аэровокзалдарының ішінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобильмен, теңіз және өзен арқылы өткізу пункттерінің аумағында орналасқан айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) қоспағанда қолма-қол шетел валютасымен айырбастау

операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға 9 сағат 00 минуттан бастап 20 сағат 00 минутқа дейінгі уақыт аралығында дербес анықтайды.

1 (бірінші) санатқа кіретін стационарлық сауда орындарында орналасқан айырбастау пункттердің (автоматтандырылған айырбастау пункттердің) жұмыс режимі 9 сағат 00 минуттан бастап 22 сағат 00 минутқа дейін уақыт ішінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғамен дербес анықталады.

Ескерту. 33-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 69 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

34. Егер туындаған мән-жайлар (техникалық іркіліс, бұзылу немесе басқа да себептер) нәтижесінде айырбастау пунктінің үй-жайы, айырбастау пунктінің жұмыс істеуіне арналған жабдық және (немесе) айырбастау пунктінің қызметкерлері Қағидалардың 11-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілмейді.

35. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша айырбастау пунктінің қызметі күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімге уақытша тоқтатыла тұрған, сондай-ақ айырбастау пунктінің қызметі қайта басталған жағдайда, заңды тұлға (оның филиалы) айырбастау пунктінің қызметін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы айырбастау пункті орналасқан жер бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына көрсетілген шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша хабарлайды.

Айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша айырбастау пунктінің қызметін уақытша тоқтата тұру мерзімі қатарынан 12 (он екі) айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Айырбастау пунктінің үй-жайын айырбастау пунктінің бірнеше операциялық кассасымен жабдықтауға рұқсат етіледі.

37. Автоматтандырылған айырбастау пункті айырбастау операциясын жасау кезінде төмендегі тәсілдермен банкноттардың түпнұсқалығын анықтау функцияларын іске асыруды қамтамасыз етеді:

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкнотының екі жағынан көрінетін бейнесінің Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған ресми сипаттамасына сәйкес келуін тексеру;

арнайы бояумен басылған сериясы мен нөмірінде ферромагниттік құрауыштардың болуын тексеру;

банкнотты ультракүлгін сәулемен тексеру (қағаздың люминесценциясын тексеру және өзгесі).

38. Айырбастау операцияларын өзге банктік операциялардан жеке есепке алуды жүргізуге мүмкіндік беретін аппараттық-бағдарламалық кешен болған кезде, уәкілетті банктің (оның филиалының) үй-жайында орналасқан айырбастау пунктінде банк заңнамасына сәйкес уәкілетті банк жүргізетін айырбастау операциялары мен өзге банктік операцияларды қатар жүргізуге жол беріледі.

39. Әрбір айырбастау пунктінде клиенттердің көруі үшін қолжетімді жерде мынадай ақпарат:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 5-тармағының екінші бөлігіне сәйкес лицензияны алу талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, қазақ және орыс тілдеріндегі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның көшірмесі;

2) уәкілетті ұйымдар үшін – Ұлттық Банктің аумақтық филиалы осы айырбастау пунктіне берген қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның көшірмесі;

3) уәкілетті банктер үшін – Ұлттық Банктің аумақтық филиалының жазбаша растамасының көшірмесі (осындай растама алған айырбастау пункттері үшін) не айырбастау пункті куәлігінің көшірмесі (Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін айырбастау пунктінің куәлігін алған айырбастау пункттері үшін);

4) айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату операциялары жүргізілетін әрбір шетел валютасы үшін белгіленген, теңгемен қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамы және (немесе) сату бағамы туралы мәліметтер қамтылатын клиенттерге арналған ақпараттық стенд (биіктігі кемінде 0,4 метр және ені 0,4 метр) орналастырылады.

Теңгеге қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамы және (немесе) сату бағамы туралы мәліметтер қамтылатын клиенттерге арналған ақпараттық стенд айырбастау пункті үй-жайының ішінде немесе айырбастау пункті операциялық кассасының жанында орнатылады.

Аталған ақпараттық стендті айырбастау пунктінің үй-жайынан тыс, оның ішінде ғимараттардың немесе құрылыстардың шатырлары мен сыртқы жақтарында, стационарлық, жылжымалы және шығарылатын стендтерде орналастыруға жол берілмейді. Бұл ақпараттық стенд, егер айырбастау пункті көпфункционалды мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда (оның ішінде іскерлік орталықтарда), теміржол вокзалдарының, казино ғимараттарында, халықаралық әуежайлар аэровокзалдарының ішінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль, теңіз және өзен өткізу пункттерінің аумағында орналаспаса ғана айырбастау пункті үй-жайынан тыс ашық кеңістікте көзге көрінетін болмауға тиіс.

Теңгеге қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамы және (немесе) сату бағамы туралы ақпаратты автоматтандырылған айырбастау пунктінің мониторында орналастыруға рұқсат етіледі.

5) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айырбастау пунктінің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы туралы және осы айырбастау пунктінің жұмысына ескертулер болған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалы атына шағым жіберу мүмкіндігі туралы мәліметтер қамтылатын айырбастау пунктінің клиенттеріне арналған ақпарат;

6) Ұлттық Банктің осы актісі қолданылуы кезеңінде айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгемен сату бағамынан сатып алу бағамының ауытқу шегін белгілейтін актісінің көшірмесі;

7) клиенттерге қызмет көрсететін кассир туралы ақпарат (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда);

8) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның интернет-ресурсы туралы ақпарат (ол болған кезде) орналастырылады.

Осы тармақтың 1), 3) және 6) тармақшаларында көзделген ақпаратты қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның интернет-ресурсында орналастыруға рұқсат етіледі.

Жеке тұлғаның талабы бойынша айырбастау пунктінің кассирі айналысқа жарамды және айналысқа жарамсыз банкноттардың негізгі белгілері туралы, инкассода төленбейтін немесе айналысқа жарамсыз шетел валютасының банкноттарын қабылдау тәртібі мен талаптары туралы ақпаратты ұсынады (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда).

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.06.2025 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

40. Айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайында мынадай құжаттар сақталады:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) басшысының тиісті тұлғаны кассир лауазымына қабылдау және (немесе) тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;

2) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) айырбастау пункті кассирінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) айырбастау пункті кассирінің осы қағидалармен танысу туралы белгісі бар, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңның 11-бабының талаптарына сәйкес әзірленген және қабылданған, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның ішкі бақылау қағидаларының көшірмесі.

Уәкілетті ұйымның (оның филиалының) айырбастау пунктінің үй-жайында сатып алу, сату бағамдарын және кросс-бағамдарды белгілеу туралы өкімдер шығаруға құқығы бар басшының және өзге тұлғалардың қол қою үлгілері бар құжатты, бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының көшірмесін және Қағидалардың 55 -тармағында көрсетілген уәкілетті банкпен жасасқан шарттың көшірмесін сақтау қосымша қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

41. Айырбастау пункттерінің операциялық кассаларының үй-жайларында бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның қызметіне жатпайтын ақша арнайы бөлінген бөлмеде немесе айырбастау пунктінің операциялық кассасының үй-жайынан тыс орналасқан шкафтарда сақталады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 6-тарау. Айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптары

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Айырбастау пункттерінде бағамдарды белгілеу туралы өкім негізінде белгіленген сатып алу, сату бағамдарына сәйкес қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату операциялары жүргізіледі.

Бағамдарды белгілеу туралы өкім осы өкімнің қолданыла басталатын күні мен уақыты (сағатпен және минутпен белгіленетін) көрсетіле отырып, айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілетін барлық валюта түрлері үшін сатып алу, сату бағамдарын қамтиды.

Бағамдарды белгілеу туралы бір өкімде жүргізілетін айырбастау операцияларының сомасына қарай бірмезгілде түрлі бағамдар белгілеуге рұқсат етіледі.

43. Бағамдарды белгілеу туралы өкімді қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) басшысы немесе осындай өкілеттіктер берілген өзге адам шығарады, онда оның нөмірі, шығарылған күні мен уақыты (сағатпен және минутпен белгіленетін) міндетті түрде көрсетіледі.

Уәкілетті ұйым басшысының бағамдарды белгілеу туралы өкімді шығаруға өкілеттіктерді басқа адамға беруі уәкілетті ұйым басшысы бұйрығының негізінде ғана жүргізіледі.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Бағамдарды белгілеу туралы өкім қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) мыналарды көздейтін аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдаланған жағдайда, электрондық түрде (бұдан әрі – электрондық өкім) шығарылады:

бағамдарды белгілеу туралы электрондық өкімді айырбастау пункттеріне бір орталықтан жіберу;

электрондық өкімді шығарған адамды идентификаттау мүмкіндігі;

электрондық өкімдерді 5 (бес) жыл бойы сақтау.

Бағамдарды белгілеу туралы қағаз нысандағы өкім айырбастау пункті қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) орналасқан жерінде болған жағдайда, бір дана етіп шығарылады. Өзге жағдайларда бағамдарды белгілеу туралы өкімнің бір данасы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғада (оның филиалында) қалады және өкімнің бір-бір данасы осындай өкім шығарылған әрбір айырбастау пунктіне жіберіледі.

Өкімдердің көрсетілген даналары 5 (бес) жыл бойы сақталады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

45. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату бағамын өзгерту бағамдарды белгілеу туралы жаңа өкімді шығару негізінде ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте бағамдарды белгілеу туралы жаңа өкім қолданыла бастағаннан алдыңғы өкімнің күші жойылады.

Егер бағамдарды белгілеу туралы өкім айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілетін жекелеген валюталар түрлері бойынша сатып алу және ( немесе) сату бағамын өзгерту мақсатында шығарылса, шығарылатын бағамдарды

белгілеу туралы өкімде сатып алудың және (немесе) сатудың өзгеретін бағамдары бойынша да, айырбастау пункті үшін басқа да қолданыстағы сатып алу және сату бағамдары бойынша да ақпарат қамтылады.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар бір заңды тұлғаның (оның филиалының) түрлі айырбастау пункттерінде түрлі бағамдар белгілеуге жол беріледі.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

46. Айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілетін барлық валюталар түрлері бойынша бағамдарды белгілеу туралы өкімнің бүкіл қолданылу кезеңінде клиенттерге арналған ақпарат стендінде валюталардың осы өкімде көрсетілген сатып алу және (немесе) сату бағамдары орналастырылады.

47. Ұлттық Банк айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілейді.

Шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқуы уәкілетті банктің немесе уәкілетті ұйымның лауазымды тұлғасының жазбаша өкімінің негізінде айырбастау пункті үшін белгіленген шетел валютасының ұлттық валютадағы бірлігін сатып алу бағамы мен шетел валютасының ұлттық валютадағы бірлігін сату бағамы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Биржалық бағам белгіленімі шетел валютасының ондық (жүздік, мыңдық) бірлігімен белгіленетін шетел валюталары үшін шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқуы тиісінше шетел валютасының ұлттық валютадағы ондық (жүздік, мыңдық) бірліктерін сатып алу бағамы мен сату бағамдарының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

48. Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамы мен сату бағамы арасындағы бағамның ауытқу шегі шетел валютасын теңгеге сату бағамы мен сатып алу бағамы арасындағы теңгемен көрсетілген рұқсат етілген айырма шегінде белгіленеді.

49. Айырбастау пунктінде, оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункті арқылы жүргізілетін әрбір айырбастау операциясы аяқталғаннан кейін электрондық түрде жүргізілетін және Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында (бұдан әрі – тізілімдер журналы) белгіленген барлық деректемелер мен көрсеткіштерді қамтитын сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында ескеріледі.

Тізілімдер журналы айырбастау пунктінің әрбір операциялық кассасында және аппараттық-бағдарламалық кешендегі әрбір автоматтандырылған айырбастау

пунктінде жеке жүргізіледі. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға тізілімдер журналында көрсетілген жасалған айырбастау операциялары бойынша ақпаратты олар жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенде сақтауды қамтамасыз етеді.

Уәкілетті ұйымдар үшін осы тармақтың талаптары ескеріліп, тізілімдер журналын бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып электрондық түрде жүргізуге жол беріледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.04.2021 № 49 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Айырбастау пунктінің жұмыс күні аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүргізілген операциялар бойынша қорытындылар тізілімдер журналында көрсетіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін тізілімдер журналында тіркеу "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректері негізінде жүзеге асырылады.

Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан асатын сомада айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында:

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі;

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайда);

клиенттің заңды мекенжайы (мемлекет, елді мекен, көше, үйдің нөмірі, пәтердің нөмірі (бар болса);

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) тіркеледі.

Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан аспайтын сомада айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау

операциялары бойынша тізілімдер журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты ( ол болған жағдайда) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Бір шетел валютасын басқаға айырбастау тізілімдер журналында және Қағидаларда көзделген есептілік нысандары жасалған кезде мынадай екі операция түрінде көрсетіледі:

айырбастау пунктінің бір шетел валютасын теңгеге осы айырбастау пунктінің осы валютаның түрін сатып алу бағамы бойынша сатып алуы;

айырбастау пунктінің басқа шетел валютасын теңгеге осы айырбастау пунктінің осы валютаның түрін сату бағамы бойынша сатуы.

53. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңның 13-бабында көзделген немесе Қағидалардың 51 -тармағының үшінші бөлігіне сәйкес клиенттің жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын ( сәйкестендіретін) деректер ұсынылмаған жағдайларды қоспағанда, айырбастау операцияларын жүргізу кезінде айналыстағы ақша белгілерін номиналы және эмиссия жылдары бойынша қабылдауда шектеулер белгіленбейді, сондай-ақ айырбастау пунктінде айырбастау операциясын жүргізу үшін қажет сомада қолма-қол шетел валютасы және қолма-қол ұлттық валюта болған кезде жеке тұлғаларға айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылмайды.

Жеке тұлғаға айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату бағамдары белгіленген қолма-қол ұлттық немесе қолма-қол шетел валютасының болмауы себебінен айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылған кезде, айырбастау пунктінің кассирі жеке тұлғаның талабы бойынша айырбастау пунктінде жоқ валютаның түрі мен сомасын, анықтама берілген күнді және уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға айырбастау пунктінің кассирі қол қояды және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 111-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бақылау чегін беру арқылы айырбастау операциясын жүргізуді растайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің кассасын қолма-қол ұлттық және ( немесе) шетел валютасымен толықтыру уәкілетті банкпен қолма-қол шетел валютасын сатып алу шарты негізінде, жеке тұлғалармен операциялар есебінен және уәкілетті банктің Валюталық реттеу туралы заңның 7-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес уәкілетті ұйыммен жасаған қолма-қол шетел валютасын сатып алу шарты негізінде жүзеге асырылады.

56. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға шет мемлекеттерінің (мемлекеттер тобының) монеталарын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргізу жөніндегі шешімді дербес қабылдайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Эмитенттің елінде заңды төлем құралы болып табылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату кезінде, сондай-ақ бұрынғы жылдары шығарылған қолма-қол шетел валютасын кейінгі жылдары шығарылған қолма-қол шетел валютасына айырбастау кезінде комиссиялық сыйақы алынбайды.

58. Заңды төлем құралының негізгі белгілеріне банкнотта эмиссиялаған банк атауының, нөмірі мен сериясының, цифрлармен және жазумен номиналының, бет және сырт жақтарының негізгі суретінің, сондай-ақ қолдан жасаудан қорғау элементтерінің ( ультракүлгін сәуле түсіргенде көрінетін конфеттиді, қорғаныш жіптерін, микромәтінді, люминесцирлейтін суреттерді қоса алғанда, сутамғы белгі, магниттік белгілер, қағазға енгізілген түрлі-түсті талшықтар және басқада қолдан жасаудан қорғау элементтері) болуы жатады.

Валютаның эмитент елі шығарылған банкноттарға өзге не қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) банкноттардың түпнұсқалығын және төлем жасауға қабілеттігін анықтау жөніндегі анықтамалық және ақпараттық материалдарды осы өнім түрін көбейтумен айналысатын тұлғалардан дербес сатып алады.

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

59. Эмитенттің тиісті елінің (эмитенттің елдері тобында) аумағында қолма-қол төлемнің заңды құралы болып табылатын, сондай-ақ эмитент елінің (эмитенттің елдері

тобының) анықтамалық материалдарында көрсетілген толық сипаттамасына сәйкес келетін шетел валютасының банкноттары айналысқа жарамды заңды төлем құралдары деп танылады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60. Егер шетел валютасының банкноттары Қағидалардың 59-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе және (немесе) мынадай бүлінуі:

1) бөлшектеліп жыртылған (оның ішінде жабысқақ лентамен желімденген);

2) жанған немесе күйдірілген;

3) 1 (бір) шаршы сантиметрден астамауданына бояғыш заттар төгілген;

4) сызаттары және ластануы, сондай-ақ ультракүлгін сәулелерде ашық көк және ( немесе) күлгін жарықпен қағаздың жарқырауына әкелген дақтар, олардың ең үлкені ең кең бөлігінде диаметрі 2 сантиметрден асатын немесе банкноттың шетіндегі жиегінің ені 0,5 сантиметрден асатын;

5) қасақана сипатта:

негізгі суреттері, атап айтқанда адамдардың портреттері өзгерген, қорғаныш жібі жойылған;

тыныс белгілерін қоспағанда, 2 (екі) және одан да көп белгіден (символдан) тұратын, оның ішінде ультракүлгін сәулелерде көрінетін бөгде жазба (жазбалар) болса;

шетел валютасының банкноты түпнұсқа емес немесе үлгі болып табылатынын білдіретін 2 (екіден) астам мөртабан және (немесе) мөртабан іздері болса;

тесігінің диаметрі 1 (бір) миллиметрден асатын тесігі (тесіктері) болса;

6) жоғалған бұрыштары немесе бөліктері (ауданы 1 (бір) шаршы сантиметрден астам);

7) ұзындығы банкнот енінің (ұзындығының) төрттен бір бөлігінен асатын 3 (үштен) астам жыртығы (оның ішінде түссіз жабысқақ лентамен желімделген (бір-біріне желімделген);

8) геометриялық өлшемдері азаюы жағына сияқты ұлғаюы жағына да 3 (үш) миллиметрден артық өзгерген;

9) баспадан кеткен анық ақауы (сутамғы белгісінің немесе қорғаныш жіптің болмауы немесе дұрыс орналаспауы, бейнелердің басылмауы немесе бұлыңғыр болуы);

10) жұмсарған және (немесе) каттылығын жоғалтқан болса, олар айналысқа жарамсыз болып танылады.

Тиісті шет мемлекеттің эмитент-банкі жариялаған күннен кейін айналыстан шығарылған шетел валютасының банкноттары төлемге жарамсыз деп танылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60-1. Қағидалардың 59 және 60-тармақтарына сәйкес шетел валютасының банкноттарын айналысқа жарамды және (немесе) жарамсыз санатына жатқызу мүмкін болмаған жағдайда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) орталық банктер эмитенті елдерінің анықтамалық ұсынымдарына сәйкес шетел валютасы банкноттарының айналысқа жарамдылығы және (немесе) жарамсыздығы дәрежесін айқындайды.

Ескерту. 6-тарау 60-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Төлемге жарамайтын, сондай-ақ айналысқа жарамсыз шетел валютасының банкнотын сатып алуды және ауыстыруды шетел банктерімен тиісті шетел валюталарымен инкассолық операцияларды жүзеге асыру бойынша корреспонденттік қатынастары және (немесе) шарттық қатынастары бар уәкілетті банктер жүзеге асырады.

Уәкілетті банктер ауыстыру тәртібімен сатып алған және қабылдаған төлемге жарамайтын немесе айналысқа жарамсыз шетел валютасының банкноттарын клиенттерге сатуға рұқсат етілмейді. Көрсетілген банкноттар эмитент банктерге (шетел банктеріне) инкассоға жіберіледі немесе оларға қызмет көрсететін банктер арқылы инкассоға тапсырылады.

Уәкілетті банктер өздерінің айырбастау пункттері арқылы төлемге жарамайтын немесе айналысқа жарамсыз шетел валютасының банкноттарын инкассоға қабылдаған жағдайда клиенттерге комиссиялық сыйақының мөлшері (клиенттің барлық шығыстары кіретін) және эмитент банктердің көрсетілген шетел валютасының банкноттарын айырбастаудан бас тарту мүмкіндігі туралы ескертеді, сондай-ақ клиенттен инкассоның талаптарына жазбаша келісім алады. Эмитент банк (шетел банкі ) жіберілген шетел валютасын айырбастаудан бас тартқан жағдайда, уәкілетті банктер клиентке тиісті растайтын құжаттарды ұсынады.

Төлемге жарамайтын немесе айналысқа жарамсыз шетел валютасының банкноттарын айырбастағаны, сатып алғаны, инкассоға қабылдағаны үшін комиссиялық сыйақыны уәкілетті банктер дербес белгілейді, бірақ ол айырбастауға ( сатып алуға, инкассоға қабылдауға) ұсынылатын шетел валютасы банкноттарының номиналдық құнының 10 (он) пайызынан аспауға тиіс.

## 7-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғамен есептерді ұсыну тәртібі және мерзімдері

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

62. Уәкілетті банк есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде ай сайын Ұлттық Банкке Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес " Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

63. Уәкілетті ұйым (оның филиалы) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші ) күніне дейін (қоса алғанда) мерзімде Ұлттық Банкке не Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректер жинауға арналған " Шетел валютасының қозғалысы және айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп" нысанын ұсынады.

64. Уәкілетті банк, уәкілетті ұйым (оның филиалы) есепті айдан кейінгі айдың 10 ( оныншы) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде ай сайын Ұлттық Банкке не Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес "Баламасы 50 000 (елу мың) Америка Құрама Штаттарының долларына тең немесе одан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65. Уәкілетті ұйымның (оның филиалының) бастамасы бойынша барлық жұмыс істеп тұрған айырбастау пункттерінің қызметін күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімге уақытша тоқтата тұрған жағдайда Қағидалардың 63, 64 және 75-тармақтарында көзделген есептерді ұсыну бүкіл есепті кезең ішінде жүргізілген операциялар болмаған және Қағидалардың 35-тармағында көзделген тәртіппен хабарламаны жіберген жағдайда талап етілмейді.

## 8-тарау. Ұлттық Банк шығарған тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын жүргізу тәртібі

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

66. Уәкілетті ұйым тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын өзінің айырбастау пункттері арқылы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің кассасын тазартылған құйма алтынмен толықтыру жеке тұлғалардан тазартылған құйма алтынды сатып алу операциялары есебінен және тазартылған құйма алтынды Ұлттық Банктен тиісті сатып алу-сату шартының негізінде жүзеге асырылады.

Өзінің айырбастау пункттері арқылы тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын жүзеге асыратын уәкілетті ұйым осындай құймаларды сатып алу және (немесе) сату құны бар мәліметтерді ақпараттық стендте орналастырады.

67. Тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату кезінде уәкілетті ұйым ультракүлгін жарықта люминесценцияны бақылауды қамтамасыз ететін техникалық құралды қолдану арқылы, сондай-ақ кемінде 10 (он) есе үлкейтуді қамтамасыз ететін оптикалық аспапты қолдана отырып тазартылған құйма алтынның арнайы орауының тұтастығын және қорғау элементтерін тексереді.

68. Тазартылған құйма алтынды жеке тұлғалардан сатып алу және (немесе) жеке тұлғаларға сату уәкілетті ұйымның тазартылған құйма алтынның құнын белгілеу туралы өкімде белгілеген құны бойынша жүзеге асырылады. Тазартылған құйма алтынның құнын белгілеу туралы өкімді міндетті түрде нөмірін, оны шығару күнін және уақытын (сағатпен және минутпен белгіленетін) көрсете отырып, уәкілетті ұйымның басшысы немесе осындай өкілеттіктер берілген өзге адам шығарады.

Уәкілетті ұйым басшысының тазартылған құйма алтынның құнын белгілеу туралы өкімдерді шығару өкілеттігін өзге адамға беру уәкілетті ұйым басшысының бұйрығы негізінде ғана жүргізіледі.

69. Тазартылған құйма алтынның құнын белгілеу туралы өкімде белгіленген тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату құны туралы ақпарат клиенттерге арналған ақпараттық стендте оның бүкіл қолданылу кезеңі ішінде орналастырылады.

Айырбастау пунктінің кассасында тазартылған құйма алтын болмаған жағдайда, оларды сату құны туралы ақпарат уәкілетті ұйымның ақпараттық стендінде орналастырылмайды. Айырбастау пунктінің кассасында қолма-қол ұлттық валюта болмаған жағдайда тазартылған құйма алтынды сатып алу құны туралы ақпарат уәкілетті ұйымның ақпараттық стендінде орналастырылмайды.

70. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚІ туралы заңның 13-бабында көзделген немесе Қағидалардың 73 -тармағының бесінші бөлігіне сәйкес клиенттің жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын ( сәйкестендіретін) деректер ұсынылмаған жағдайларды қоспағанда, түрлері бойынша аффинирленген құйма алтынды қабылдауда шектеулер белгіленбейді, сондай-ақ айырбастау пунктінде осындай операцияны жүргізу үшін қажет сомада қолма-қол ұлттық валюта және (немесе) осындай операцияны жүргізу үшін қажет көлемде аффинирленген құйма алтын болған кезде жеке тұлғаларға мұндай құймаларды сатып алу және (немесе) сату операцияларын жүргізуден бас тартылмайды.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

71. Айырбастау пунктінде қолма-қол ұлттық валютаның болмауына байланысты жеке тұлғаға тазартылған құйма алтынды сатып алуына қатысты бас тартылған жағдайда және уәкілетті ұйымның ақпараттық стендінде осындай алтынды сатып алу құны туралы ақпарат болған кезде, айырбастау пунктінің кассирі жеке тұлғаның талап етуі бойынша осындай алтынның түрін, тазартылған құйма алтынның құнын белгілеу туралы өкімге сәйкес оның құнын және айырбастау пунктінде жоқ ұлттық валюта сомасын, анықтама берілген күнді және уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің кассирі қол қояды және уәкілетті ұйымның ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

72. Уәкілетті ұйымның айырбастау пункті Салық кодексінің 111-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операциясының жүргізілгенін бақылау чегін бере отырып растайды.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінде аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша жүргізілетін әрбір операция Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын есепке алудың электрондық журналында (бұдан әрі – аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы) есепке алынады.

Аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің әрбір операциялық кассасында аппараттық-бағдарламалық кешенде жеке жүргізіледі. Уәкілетті ұйым аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында көрсетілген аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша жасалған операциялар жөніндегі ақпаратты олар жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы аппараттық-бағдарламалық кешенде сақтауды қамтамасыз етеді.

Аффинирленген құйма алтынмен операциялар бойынша клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында тіркеу "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер негізінде жүзеге асырылады.

Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын сомадағы операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында мыналар:

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі;

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайда);

клиенттің заңды мекенжайы (мемлекет, елді мекен, көше, үйдің нөмірі, пәтердің нөмірі (бар болса);

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) тіркеледі.

Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сомаға операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) (аты, әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

74. Тазартылған құйма алтын құнының өзгеруі мұндай алтынның құнын белгілеу туралы жаңа өкімді шығару негізінде ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте тазартылған құйма алтынның құнын белгілеу туралы жаңа өкімнің қолданылуы басталғаннан бастап алдыңғы өкімнің күші жойылады.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің жұмыс уақыты барысында тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату құнын өзгертетін жаңа өкімді шығарған жағдайда тазартылған құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында мұндай алтынмен жасалған операциялардың көлемдері бойынша аралық қорытынды жаңа құнымен операцияларды жүргізу басталғанға дейін жасалады. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін тазартылған құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында жұмыс күні ішінде жүргізілген операциялар бойынша қорытындылар көрсетіледі.

